



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 11 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 6 н а у р ы з
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 15 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	9 389,5	9 380,7
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	8 568,7	8 568,7
Алтын	820,8	812,0
Ақша базасы, млрд. теге	554,1	554,1
КЗТ/USD (кезең аяғында)	129,90	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	442,75	438,00

* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы наурыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,5%-ға (немесе 46,8 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуі таза валюта қорларының (ЕАВ) 58,7 млн.долларға азаюына әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 1,4%-ға жоғарлауы нәтижесінде 11,9 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,6%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 0,7%-ға, алтынмен активтер шамалы (0,4%-ға) көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 143,3 млн. долл.) қоса алғанда 14 536,6 млн. долл. болды. Өткен айға төмендеуі 0,2 % болды.

2005 жылғы наурыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі ақша базасының 2,8%-ға (немесе 15,2 млрд. тенгеге) тарылуына себепші болды.